

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

050301 «ЗАҢТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ КЕШЕНІ

«ҚР сот экспертиологиясы» пәні бойынша  
оқу әдістемелік кешені

050301 «Заңтану» мамандығында  
кредиттік технология бойынша оқитын  
студенттеріне арналған  
СИЛЛАБУС

ПАВЛОДАР, 2009 ЖЫЛ

**Бекітілді**

Білім беру сапасы және оқыту-әдістемелік жұмысы бойынша проректоры  
\_\_\_\_\_ Л.С.Комардина  
«25»02.2009ж.

Авторы: оқытушы \_\_\_\_\_ Г.Х. Сеитова

**«Азаматтық-құқықтық және қылмыстық - құқықтық пәндер» кафедрасы**

«ҚР сот экспертологиясы» пәнінен  
жалпы орта, кәсіптік орта және жоғары білім негізінде  
050301 «Заңтану» мамандығы бойынша іштей және сырттай оқитын студенттерге арналған

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

Базалық білім	Жалпы орта білім		Кәсіптік орта білім			Жоғары білім
	күндізгі	сырттай	күндізгі	кешкі	сырттай	сырттай
Семестр	7	6	5	5	6	6
Дәрістер	15	16	15	30	18	18
Тәжірибелік сабақтар	-	2	15	15	4	4
СОӨЖ	45	-	30	-	-	-
СӨЖ	30	117	30	45	68	113
Бақылау түрі	емтихан	емтихан	емтихан	емтихан	емтихан	емтихан

Силлабус 050301 «Заңтану» мамандығының базалық оқу жоспары және элективтік пәндер каталогының негізінде жасалды.

«Бизнес және құқық» факультетінің ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында бекітіліпді және басылымға ұсынылды  
Хаттама № 6 «23» 01.2009ж.

«Бизнес және құқық» факультетінің ҒӨК төрайымы  
э.ғ.к., профессор \_\_\_\_\_ Р.З.Мурзина

«Азаматтық-құқықтық және қылмыстық - құқықтық пәндер» отырысында қарастырылған.  
Хаттама № 5 «12»01. 2009ж.

«Азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі  
з.ғ.к., доцент \_\_\_\_\_ Т.А. Ибрагимова

**Келісілді**

АӘБ бастығы  
п.ғ.к., профессор \_\_\_\_\_ Н.М. Ушакова

## Оқытушы туралы мәлімет

Оқытушының аты-жөні	Кафедрада болу уақыты		Байланыс жасау ақпараты
Сеитова Гайникамал Хайруллаевна	Дәріс	СОӨЖ	«Азаматтық-құқықтық және қылмыстық құқықтық пәндер» кафедрасы № 506 кабинет Тел. 57-17-67
	№3 корпусы №508 аудиториясы	№3 корпусы №510 аудиториясы	

## ТҮСІНІК ХАТ

**Пәннің атауы** - «ҚР сот экспертологиясы»,  
**кредит саны** - 2,  
**дәріс** – 15с.

Құқықтық мемлекеттің даму жағдайында сот ісін жүргізу міндеттері дәлелдемелер ауқымын кеңейту, істерді тергеу мен сот қарауының сапасын көтеру, іс жүргізу дәлеледеуінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету үшін аса маңызды рөл атқаратын арнаулы білімдерді тек кеңінен және белсенді пайдалану кезіндеғана шешілуі мүмкін. Бұл оқу жұмыс бағдарламасы

Жоспарланған дәрістер, студенттердің дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы қатынастарын реттейтін құқық саласын терең меңгеруін қамтамасыз ету мақсатында түзілді.

### **Курстың мақсаты:**

- сараптаманың арнаулы түрлерімен танысу, сот сараптамасы органдарының жүргізетін сот сараптамалары түрлерін тағайындау;
- заң саласынан, оның ішінде «Сот экспертологиясы» пәнінен жетік білімі бар, жоғарғы білікті заңгер мамандарын дайындау табылады.

### **Курстың міндеттері:**

Студенттерді таныстыру:

- құқықтың қайнар көздерімен танысу, «Сот экспертологиясы» туралы нормативті құқықтық актілерді білу, олармен дұрыс жұмыс істеу;
- сот сараптамалардың қағидаларын білу және нақты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдану;
- студенттер теориялық жағдайларды тәжірибеде дұрыс қолдана білуі тиіс;
- отбасылық құқықтық қатынастарларының ерекшеліктері;
- сараптама білімінің методологиясын, пәнін, тапсырмасы мен түсінігін;

### **Курстың құрылымы:**

Курсты оқу нәтижесінде **студенттер білуге міндетті:**

- сот сараптамасының түсінігі және негізгі сипаттамасы;
- сот-сарапшылық зерттеу әдәстері мен әдістемелерінің түсінігі, оларды қалыптастыру;
- сараптамалық зерттеудің тақырыбы мен түрлері;
- дәлелдемелер ретінде сот сараптамасын бағалау;

Теориялық ережелер мен мәселелердің көлемін игеру нәтижесінде **студенттер білуге міндетті:**

- сот экспертологиясына байланысты нормативті- құқықтық актілермен жеңіл пайдалану;
- сот экспертологиясының нормаларын пайдалануда логикалық біліктілікпен шешімдер қабылдау;
- қолданылатын анықтамалық сөздіктердің түсініктерін еркін қолдану.

Курсты оқу нәтижесінде **студенттер игеруге міндетті:**

- нақты заңның баптарын қолданумен нақты іскери жағдайларды шешу барысында белгілі әдістерді.

Курсты оқу нәтижесінде **студенттер құзыретті болуға міндетті:** жоғарыда көрсетілген дағдыларға ие болған студент сот экспертологиясына байланысты барлық туындайтын мәселелерді емін-еркін шешетін, өзінің заң қызметін халыққа көрсету барысында білгір маман ретінде көрсету деңгейінде болуы тиіс.

### Глоссарий:

**Сот сараптамасы** - шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу;

**Сот-сараптама қызметі** - арнаулы ғылыми білім-білік негізінде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процестің не аралық сотта, төрелікте іс қараудың қатысушысы болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында сот сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қызмет;

**Сот сарапшысы** - сот, тергеуші, жауап алушы сот сараптамасын жүргізуді тапсырған істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам;

**Сот сарапшысының қорытындысы** - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен ресімделген, сот сараптамасын тағайындаған адам не азаматтық процестің тарабы сот сарапшысының алдына қойған мәселелер бойынша негізделген қорытындылар;

**Сот сараптамасы органдары** - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген мемлекеттік мекемелер.

### «ҚР сот экспертологиясы» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны		
		Дәріс	СӨӨЖ	СӨЖ
<b>Модуль 1. Сот сараптамасының процессуалдық және ұйымдастыру негіздері</b>				
1	<b>1. Тақырып:</b> Сараптаманың түсінігі	1	2	3
2	<b>2. Тақырып:</b> Сот сараптамасын тағайындауды дайындау	1	2	3
3	<b>3. Тақырып:</b> Азаматтық іс жүргізудегі сараптама	1	2	3
4	<b>4. Тақырып:</b> Сот сараптамасындағы теңестіру.	1	2	3
5	<b>5. Тақырып:</b> Сот сараптама өндіріс әдістерінің жалпы жағдайы.	1	2	3
6	<b>6. Тақырып:</b> Сарапшының қорытындысы және бағасы	1	2	3
<b>Модуль 2. Сот сараптамасын тағайындау</b>				
7	<b>7. Тақырып:</b> Қолдану сараптамасы	1	2	3
8	<b>8. Тақырып:</b> Баллистикалық сараптама	1	2	3
9	<b>9. Тақырып:</b> Техникалық сараптама	1	2	3
10	<b>10. Тақырып:</b> Суық қаруға сараптама	1	2	3
11	<b>11. Тақырып:</b> Заттар мен	1	2	3

	материалдарға сараптама			
12	<b>12. Тақырып:</b> Трасологиялық сараптама	1	2	3
13	<b>13. Тақырып:</b> Автотехникалық сараптама	1	2	3
14	<b>14. Тақырып:</b> Бухгалтерлік сараптама	1	2	3
15,16	<b>15. Тақырып:</b> Өзге сараптамалық зертеулер.	1	2	3
	<b>Барлығы:</b>	<b>15</b>	<b>30</b>	<b>45</b>

**СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары**

№	Тапсырма тақырыбы	Тапсырма мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі (апта)	Максимальды бағалау балы	Ұсынылатын әдебиет
<b>Модуль 1. Сот сараптамасының процессуалдық және ұйымдастыру негіздері</b>						
1	Рефераттар: 1. Сот сараптамасының түсінігі, оның мәні мен міндеттері. 2. Білім салалары бойынша сот сараптамасының түрлеріне жалпы сипаттама. 3. Тәжірибелік қызмет және ғылыми білімнің саласы ретінде сот сараптамасының пәні. 4. Криминалистика және сот сараптамасы. Сот	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	1	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл

	сараптамасы ндағы құқықтық және табиғи ғылымның қатынасы					
2	Рефераттар: 1. Сот сараптамасы ның түсінігі және маманнан айырмашылы ғы. 2. Сарапт ама органдары, олардың түрлері және құрылымы.	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Сұрақ қою	2	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологияс ы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
3	Рефераттар: 1. Қылмы стық іс бойынша сот сараптамасы н тағайындау тәртібі. Азаматтық іс бойынша сот сараптамасы н тағайындау тәртібі	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Бақылау жұмыс	3	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологияс ы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
4	Рефераттар: 1. Крими налистикалы қ сараптама: түсінігі, пәні мен міндеттері. Криминалист икалық сараптаманы ң топтастырыл уы.	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Сұрақ қою	4	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологияс ы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
5	Рефераттар:	Реферат	Сұрақ	5	5	С.Ф.Бычкова,

	<p>1. ҚР-да сот сараптамалық өндірістің тәртібі.</p> <p>2. Сот сараптамалық өндірістің негізгі әдістері. Сараптамалық зерттеулердің тәртібі. Сарапшының қорытынды түрлері. Сарапшы қорытындысының мазмұны және құрылымы</p>	тапсыру. Тапсырманы қорғау.	қою			Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
6	Рефераттар: Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сарапшы қорытындысы дәлелдемесінде.	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	6	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
<b>Модуль 2. Сот сараптамасын тағайындау</b>						
7	Рефераттар: 1. Жазу мен қолтаңбаларды сот сарапшылық зерттеу. Сот автортану зерттеуі	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	7	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы,

						Жеті жарғы, 2006 жыл
8	Рефераттар: 1. Атыс қаруын зерттеу. 2. Оқ-дәрілерді зерттеу. 3. Атылыс іздері мен жағдаяттарды зерттеу. Газды қаруды зерттеу.	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Сұрақ қою	8	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
9	Рефераттар: 1. Құжаттарды сот техникалық зерттеу.	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Бақылау жұмыс	9	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол)
10	Рефераттар: Суық қаруды криминалистикалық зерттеу және оны қолданған іздері.	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Сұрақ қою	10	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
11	Рефераттар: 1. Спиртқ ұрамдас сұйықтықтарды сот сарапшылық зерттеу. 2. Есірткілер, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сарапшылық зерттеу. Мұнай өнімдері мен	Реферат тапсыру. Тапсырман ы қорғау.	Сұрақ қою	11	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл



	жанар-жағармай материалдарын сот сарапшылық зерттеу					
12	Рефераттар: Сот трасологиялық зерттеу.	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	12	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
13	Рефераттар: 1. Жол көлік оқиғасы жағдаяттарының сот сарапшылық зерттеу. 2. Сот сарапшылық көлік трасологиялық зерттеу. Көлік құралдарын сот сарапшылық зерттеу.	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	13	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
14	Рефераттар: 1. Шаруашылық операцияларын сот сарапшылық зерттеу. 2. Сот сарапшылық бухгалтерлік зерттеу. Сот сарапшылық қаржы-	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	14	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл

	кредиттік зерттеу.					
15	Рефераттар: 1. Сот тауартану сараптамасы. 2. Компьютерлік технология құралдарын сот сарапшылық зерттеу.	Реферат тапсыру. Тапсырманы қорғау.	Сұрақ қою	15	5	С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл

**СОӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік -тақырыптық жоспар**

№	Сабақ тақырыбы	Сабақ мазмұны	Өткізу түрі	Өткізілетін апта	Максимальды бағалау балы	Ұсынылатын әдебиет
<b>Модуль 1. Сот сараптамасының процессуалдық және ұйымдастыру негіздері</b>						
1	1. Арнаулы білім түсінігі. 2. Сот сараптамасы арнаулы ғылыми білім ретінде: маман институтынан айырмашылығы мен түсінігі. 3. Сот сараптамасының пәні. 4. Сот сараптамасының міндеттері.	Тест сұрақтарына жауап беру	Тестерді тексеру	1	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
2	1. Сот сараптамасының түсінігі мен объектілері. 2. Сот	Тест сұрақтарына жауап беру	Тестерді тексеру	2	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С.

	<p>сараптама объектілерін топтастыру.</p> <p>3. Сот сараптамалық зерттеу үшін үлгілердің түсінігі.</p> <p>4. Сот сараптамалық зерттеудің әдістері және олардың топтастырылуы.</p>					<p>Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл</p>
3	<p>1. Азаматтық істер бойынша сот сараптамасын тағайындау тәртібі және оның негіздері.</p> <p>2. Сотта сарапшыдан жауап алу негіздері.</p>	Конспект жасау	Сұрақ қою	3	5	<p>ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол)</p>
4	<p>1. Теңестіру сараптамасының міндеттері.</p> <p>2. Сот сараптамасындағы криминалистикалық теңестіру объектілерінің түсінігі.</p> <p>3. Сот сараптама объектілерінің топтастырылуы.</p>	Есептерді шығару	Есептердің мазмұнының түсіндіру	4	5	<p>ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол)</p> <p>С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл</p>
5	1. Сот	Бақылау	Сұрақ	5	5	ҚР «сот

	<p>сараптама әдістерінің түсінігі және топтастырылуы.</p> <p>2. Сараптамалық зерттеудің жалпы ғылыми және жеке әдістер.</p> <p>3. Сараптамалық зерттеудің арнаулы әдістері.</p> <p>4. Сот сараптамасында әдістерді қолдану.</p>	жұмысы	қою			<p>экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол)</p> <p>С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл</p>
6	<p>1. Соттық дәлелдемелер жүйесінде сарапшының қорытындысы.</p> <p>2. Сарапшының қорытындысы на тергеушінің бағасы.</p> <p>3. Дәлелдеу процесінде сарапшының қорытындысын қолдану.</p>	Ауызша жауап	Сұрақ қою	6	5	<p>ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол)</p> <p>С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл</p>
<b>Модуль 2. Сот сараптамасын тағайындау</b>						
7	Сараптама түрлерінің тізімі	Конспект жасау	Сұрақ қою	7	5	<p>ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол)</p>
8	Атыс қаруының	Сараптама тағайындау	Тапсырманы	8	5	<p>ҚР «сот экспертологиясы</p>

	(оның бөліктерінің) сараптамасы; атылыс іздері мен жағдаяттары; оқ-дәрілер сараптамасы; газды қару сараптамасы.	қаулысын жасау	тексеру			туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол)
9	Құжаттарды зерттеу және қойылған қолды соттық техникалық сараптамасын жүргізу	Сараптама тағайындау қаулысын жасау	Тапсырманы тексеру	9	5	ҚР «сот экспертиологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол)
10	Қайталама, комиссиялық, қосымша, кешенді сараптаманы тағайындау тәртібі.	Конспект жасау	Сұрақ қою	10	5	ҚР «сот экспертиологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол)
11	Лактыбою материалдары мен жабындары және полимер материалдары н зерттеу; мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдары н зерттеу; металдар мен қорытпаларды зерттеу; топырақты зерттеу; талшықтық материалдар мен олардан жасалған	Конспект жасау	Сұрақ қою	11	5	ҚР «сот экспертиологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертиологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл

	бұйымдарды зерттеу; спиртқұрамда с сұйықтықтарды зерттеу; психотроптық заттар мен прекурсорларды зерттеу; шыныларды және олардан жасалған бұйымдарды зерттеу; арнайы химиялық заттарды зерттеу.					
12	Гомеоскопиялық сараптама, механоскопиялық, көлік құралдарына және жануарлар іздеріне сараптама.	Есептерді шығару	Есептердің мазмұнының түсіндіру	12	5	ҚР «сот экспертиологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол)
13	Жол көлік оқиғасы жағдыттарының сот сарапшылық зерттеу; сот трасологиялық сараптамалық зерттеу.	Сараптама тағайындау қаулысын тексеру	Тапсырманы тексеру	13	5	ҚР «сот экспертиологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертиологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
14	Шаруашылық операцияларының сот сарапшылық зерттеулер; бухгалтерлік сот	Сараптама тағайындау қаулысын тексеру	Тапсырманы тексеру	14	5	ҚР «сот экспертиологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С.

	сараптамалық зерттеулер; қаржы-несиелік сот сараптамалық зерттеулер.					Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
15	Азық-түлік тауарларына сот сараптамалық зерттеу, азық түлікке жатпайтын тауарларды сот сарапшылық зерттеу; құрылыс-экономикалық сараптама; құрылыс техникалық сот сараптама.	Сараптама тағайындау қаулысын тексеру	Тапсырманы тексеру	15	5	ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгермен тол) С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл

**Оқу -әдістемелік кешенің модуль бойынша мәселелік сұрақтары көрсетілген модульды интегративті құрылымы**

<b>Мазмұны</b>	<b>Модуль 1</b>	<b>Модуль 2</b>
<b>Мәселелік сұрақтар</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сарапшысы және оның құқықтары</li> <li>2. Сараптама объектілерін зерттеуде тергеушінің, маманның және сарапшының білгірлігі</li> <li>3. Міндетті сараптама тағайындау шарттары</li> <li>4. Қылмыстық іс қатысушылардың сараптама өткізу кезіндегі құқықтары</li> <li>5. Қайталама сараптама: оны тағайындау негіздері мен ерекшеліктері</li> <li>6. Комиссиялық сараптама: оны тағайындау негіздері мен ерекшеліктері</li> <li>7. Сот сараптамалық өндірісте</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көлік құрал-трасологиялық сараптама</li> <li>2. Құлыптарға сараптама</li> <li>3. Жазу сот сараптамасына материалдар</li> <li>4. Баллистикалық сараптаманың пәні, объектілері және міндеттері</li> <li>5. Атыс қаруына баллистикалық сараптама</li> <li>6. Оқ-дәрілерге баллистикалық сараптама</li> <li>7. Атылыс жағдайларына баллистикалық сараптама</li> <li>8. Жарылыс техникалық сараптама</li> <li>9. Бастапқы мазмұнына өзгерістер енгізілген</li> </ol>

	<p>ғылыми техниканың қолданылуы</p> <p>8. Сот сараптама әдістерінің жүйесі</p> <p>9. Сараптамалық зерттеулердің әдістемелері және оның түрлері</p> <p>10.Сарапшы қорытындысына баға</p> <p>11.Сарапшыдан жауап алу: міндеттері және негіздері</p> <p>12.Трасологиялық сараптамадағы теңестірулік және диагностикалық зерттеулер</p> <p>13.Сот трасологиялық сараптаманы тағайындау үшін материалдарды дайындау</p>	<p>құжаттарға техникалық сараптама</p> <p>10.Машина мен жазылған текстердің техникалық сараптама</p> <p>11.Мөрлерге, мөртаңбалардың техникалық сараптама</p> <p>12.Заттар мен материалдардың криминалистикалық сараптамасы</p> <p>13.Суық қарудың криминалистикалық сараптамасы</p> <p>14.Сот бухгалтерлік сараптама</p> <p>15.Өрт техникалық сараптама</p> <p>16.Тауартану сараптамасы</p>
<p><b>Міндетті әдебиет</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР Конституциясы Алматы.:30 тамыз 1995 жыл (өзгер мен тол)</li> <li>2. ҚР Қылмыстық кодекс Алматы.: ЮРИСТ, 2002жыл (өзгер мен тол)</li> <li>3. Қылмыстық іс жүргізу кодексі Алматы.: ЮРИСТ, 2002 жыл (өзгер мен тол)</li> <li>4. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі (өзгер мен тол)</li> <li>5. ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол)</li> <li>6. ҚР Әділет министрлігінің 2002 жылғы 24 қазандағы №158 бұйрығымен бекітілген ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында сот сараптамалары мен мамандырылған зерттеулер жүргізу жөніндегі Нұсқаулық</li> <li>7. С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы 2006 жыл</li> <li>8. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Алматы6 1999 г.</li> <li>9. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза7 Подготовка и назначение в уголовном и гражданском процессах. Практ.пособие. Алматы, 1999 г</li> <li>10.Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики. Алматы, 2002 г.</li> <li>11.Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: Алматы, 1998г.</li> <li>12.Бегалин Е.Н. Практикум по судебной экспертизе.</li> <li>13.Шопабаев Б.А., Котенко А.Н. Идентификационные и диагностические исследования в судебно-технической экспертизе документов,-Алматы, 2003г.</li> <li>14.Шанаева Г.С. Судебно-медицинская экспертиза. Справочник для юристов.-Алматы, 2003ж.</li> <li>15.Судебная медицина. В.В. Томлина.-М.,2000г.</li> </ol>	



**Дәріс сабақтарының қысқаша мазмұны**

<b>№</b>	<b>Дәрістердің атауы және қысқаша мазмұны</b>
<b>Модуль 1. Сот сараптамасының процессуалдық және ұйымдастыру негіздері</b>	
1	Сараптаманың түсінігі. «Сараптама» деген сөз латынның «expertus» сөзімен байланысты, бұл «тәжірибелі», «хабардар» дегенді білдіреді. Сот сараптамасы – жеке іс жүргізу әрекеті, оның мәні мән-жайларды шешу үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында арнаулы ғылыми білім-білік негізіне жүргізілетін іс материалдарын зерттеу болып табылады. Сот сараптамасы қылмыстық сот ісін жүргізудегі арнаулы білімдерді пайдаланудың ең білікті нысаны болып табылады.
2	Сот сараптамасын тағайындауды дайындау. Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес сараптама қылмыстық істі қозғау барысында, іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде, істі бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта қарау кезінде тағайындалуы мүмкін. Сарапшылық зерттеудің дайындақ сатысы – сот сараптамасын жүргізудің бірінші сатысы, оның мазмұны сараптама жүргізу үшін негіз болатын іс жүргізу шешімімен және сарапшылық міндеттерді шешудің технологиясын анықтау үшін сарапшыға ұсынылған материалдармен танысу, сондай – ақ сарапшылық болжамдар көтеру, зерттеу бағдарламасын жасау және қажетті техникалық, аспаптық, ақпараттық базаны дайындау болып табылады.
3	Азаматтық іс жүргізудегі сараптама. Азаматтық процесте арнаулы білімдерді пайдалану сот қызметі негіздерінің елеулі бөлігін құрайды. Арнаулы білімдерді пайдалануға негізделген әдістер, амалдар мен дәлелдемелермен жұмыс істеу құралдары, оларды шебер және дұрыс қолдану кезінде, дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау процесінде соттың мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, азаматтық сот ісін жүргізудегі дәлелдеудің сапасын көтеруге ықпалын тигізеді.
4	Сот сараптамасындағы теңестіру.
5	Сот сараптама өндіріс әдістерінің жалпы жағдайы. Сарапшылық зерттеу – күрделі шығармашылық процесс, онда ғылым мен техника жетістіктерін білу, қазіргі тиімді зерттеу әдістемелерін меңгеру, сарапшының білік – дағдысы іске асырылады. Сот сараптамасында пайдаланатын әдістер, көбінде, жаратылыс және техникалық ғылымдардан алынған және сараптаманың міндеттерімен объектілерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес түрлендірілген.
6	Сарапшының қорытындысы және бағасы. Сарапшының қорытындысы – іс жүргізу құжаты, онда жүргізілген зерттеудің нәтижелері баяндалады, қойылған сұрақтардың біреуіне болса да жауап өз мәнісі бойынша беріледі немесе тұжырымның біреуі болса да сарапшының бастамасы бойынша жасалады. Сарапшы өз атынан жазбаша қорытынды жасап, оны өз қолын қоюы және жеке мөрі арқылы растап, сараптама тағайындаған органға жіберіледі.
<b>Модуль 2. Сот сараптамасын тағайындау</b>	
7	Қолдану сараптамасы. Жазу мен қолтаңбаларды сот – сарапшылық зерттеу көбінде азаматтық істерді жүргізу кезінде, сондай – ақ көптеген

	қылмыстық іс санаттары бойынша, соның ішінде адам мен азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы, мемлекеттің конституциялық құрылымының негіздері мен қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет аясындағы меншікке қарсы, коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызметтің мүдделеріне қарсы, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.
8	Баллистикалық сараптама. Сот сарапшылық баллистикалық зерттеу көбінде адамның жеке басына қарсы, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыс негіздері мен мемлекет қауіпсіздігіне қарсы, меншікке қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, халықтың деңсаулығына және адамгершілікке қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ әскери қылмыстар бойынша жүргізіледі.
9	Техникалық сараптама. Құжаттарды сот техникалық зерттеу көбінде азаматтық істерді жүргізу кезінде, сондай-ақ адам мен азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы, мемлекеттің конституциялық құрылымының негіздері мен қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет аясындағы меншікке қарсы, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызметтің мүдделеріне қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.
10	Суық қаруға сараптама. суық қару – нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтіретін қару. Сонымен қатар лақтырылатын қару, яғни, нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағыттталып, қозғалысқа түсетін қару. Соған орай лақтырылатын суық қару мен суық қарудың шығу тегі негізінен бірдей болғандықтан, ол төмендегідей жазылуы тиіс: Суық қару деп адамның бұлшық еті күшінің өзімен немесе механикалық құрылғыға оның жанама түрде әсер етуі арқылы бағыттталып, тірі және басқада нысананы тікелей жанасу арқылы немесе арақашықтықта затпен, әлде снарядпен зақымдайтын және осы мақсатқа жету үшін техникалық тұрғыдан жарамды болып келетін құрылғы немесе затты айтамыз.
11	Заттар мен материалдарға сараптама. Заттар мен материалдарды сот – сарапшылық зерттеу көбінде азаматтық істерді жүргізу кезінде, сондай-ақ жеке адамға қарсы, меншікке қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, халықтар деңсаулығына қарсы, сот әділдігіне қарсы қылмыстар, экологиялық және көлік бойынша қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.
12	Трасологиялық сараптама. Сот – сарапшылық трасологиялық зерттеу қылмыстық істердің әр қилы санаттары бойынша, сонымен бірге жеке адамға қарсы, меншікке қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, халықтың деңсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.
13	Автотехникалық сараптама. Сараптаманың объектілері бүтіндей көлік құралдарын, оның жүйелері, агрегаттары, тораптары, бөлшектері, олардың

	бөліктері, сондай – ақ сараптама тақырыбына жататын өзге де іс материалдары болып табылады.
14	Бухгалтерлік сараптама. Сот –сарапшылық экономикалық зерттеу көбінде материалдық құндылықтар мен ақша қаражатының кем шығуын өндіріп алу туралы, артық төленген сомаларды өндіріп алу туралы, еңбекті есептеу туралы, кәсіпорын арасындағы кредиттік берешекті өндіріп алу туралы, мұрагерлік туралы азаматтық істер бойынша, сондай-ақ экономика аясындағы меншікке қарсы, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.
15	Өзге сараптамалық зертеулер. Сот –сарапшылық тауартану зерттеуі көбінде азаматтық істер бойынша, сондай-ақ жеке адамға қарсы, экономикалық қызмет аясындағы меншікке қарсы, халықтардың деңсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар жөніндегі қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша, көлік қылмыстары бойынша жүргізіледі. Сот –сарапшылық құрылыс зерттеуі көбінде меншікке қарсы және экономикалық қызмет аясындағы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ азаматтық істің кең ауқымында іс жүргізу кезінде жүргізіледі.

### ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

#### Нормативтік құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы Алматы.:30 тамыз 1995 жыл (өзгер мен тол)
2. ҚР Қылмыстық кодекс Алматы.: ЮРИСТ, 2002жыл (өзгер мен тол)
3. Қылмыстық іс жүргізу кодексі Алматы.: ЮРИСТ, 2002 жыл (өзгер мен тол)
4. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі (өзгер мен тол)
5. ҚР «сот экспертологиясы туралы» Заң 12.11.1997 (өзгер мен тол)
6. ҚР Әділет министрлігінің 2002 жылғы 24 қазандағы №158 бұйрығымен бекітілген ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында сот сараптамалары мен мамандырылған зерттеулер жүргізу жөніндегі Нұсқаулық

#### Оқулықтар, оқу құралдары:

7. С.Ф.Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Калимова. Сот экспертологиясы. Алматы, Жеті жарғы, 2006 жыл
  8. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства судебной экспертизы: Алматы,1999 г.
  9. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза. Подготовка и назначение в уголовном и гражданском процессах. Практик.пособие. Алматы, 1999 г
  10. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики. Алматы, 2002 г.
  11. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: Алматы, 1998г.
  12. Бегалин Е.Н. Практикум по судебной экспертизе.
  13. Шобабаев Б.А., Котенко А.Н. Идентификационные и диагностические исследования в судебно-технической экспертизе документов,-Алматы, 2003г.
  14. Шанаева Г.С. Судебно-медицинская экспертиза. Справочник для юристов.-Алматы, 2003ж.
- Судебная медицина. В.В. Томлина.-М.,2000г.

### Емтихан сұрақтары

1. Сот ісін жүргізудегі арнаулы білім және оның түсінігі
2. Сот сараптамасының түсінігі мен ерекшеліктері
3. Сот сараптамасының топтастырылуы

4. Сот сарапшысы және оның құқықтары
5. Сот сарапшысы және оның міндеттері
6. Сараптама объектілерін зерттеуде тергеушінің, маманның және сарапшының білгірлігі
7. ҚР-ның сот сараптама органдары
8. Сот сараптама органдарының функциялары
9. Сот сараптама өндірісін тағайындау негізі
10. Сараптама органын немесе сарапшыны таңдау және сараптама тағайындау мерзімін анықтау
11. Сот сараптамасын тағайындайды дайындау
12. Міндетті сараптама тағайындау шарттары
13. Сот сараптамасын өткізбей материалдарды қайтару негіздері
14. Қылмыстық іс қатысушылардың сараптама өткізу кезіндегі құқықтары
15. Азаматтық сот өндірісіндегі сараптама
16. Сарапшылық зерттеу үшін үлгілерді алу
17. Қайталама сараптама: оны тағайындау негіздері мен ерекшеліктері
18. Комиссиялық сараптама: оны тағайындау негіздері мен ерекшеліктері
19. Кешенді сараптама: оны тағайындау негіздері мен ерекшеліктері
20. Сот сараптамалық өндірісте ғылыми техниканың қолданылуы
21. Сот сараптама әдістерінің жүйесі
22. Сараптамалық зерттеулердің әдістемелері және оның түрлері
23. Сараптама зерттеулерінің құрылымы және оның кезеңдерінің мазмұны
24. Сарапшының қорытынды нысаны және олардың дәлелдемелік мағынасы
25. Сарапшы қорытындысының құрылымы мен мазмұны
26. Сарапшы қорытындысына баға
27. Сарапшыдан жауап алу: міндеттері және негіздері
28. Сот сараптамасының рөлі
29. Трасологияның және трасологиялық сараптаманың негізі
30. Сот трасологиялық сараптаманың пәні, объектілері және міндеттері
31. Трасологиялық сараптамадағы теңестірулік және диагностикалық зерттеулер
32. Сот трасологиялық сараптаманы тағайындау үшін материалдарды дайындау
33. Адам іздеріне трасологиялық сараптама
34. Қару құралдарының іздеріне трасологиялық сараптама
35. Аспаптар мен құрал-саймандар іздеріне трасологиялық сараптама
36. Көлік құрал-трасологиялық сараптама
37. Құлыптарға сараптама
38. Жазу сот сарапшылық негізі
39. Жазу сот сарапшылықтың пәні, объектілері және міндеттері
40. Жазу сот сараптамасына материалдар
41. Баллистикалық сараптаманың пәні, объектілері және міндеттері
42. Баллистикалық сараптаманың түрлері
43. Атыс қаруына баллистикалық сараптама
44. Оқ-дәрілерге баллистикалық сараптама
45. Атылыс жағдайларына баллистикалық сараптама
46. Жарылыс техникалық сараптама
47. Құжаттарға техникалық сараптаманың пәні, объектілері және міндеттері
48. Бастапқы мазмұнына өзгерістер енгізілген құжаттарға техникалық сараптама
49. Машина мен жазылған текстердің техникалық сараптама
50. Мөрлерге, мөртаңбалардың техникалық сараптама
51. Заттар мен материалдардың криминалистикалық сараптамасы
52. Суық қарудың криминалистикалық сараптамасы
53. Сот бухгалтерлік сараптама
54. Өрт техникалық сараптама
55. Тауартану сараптамасы

## СТУДЕНТ РЕЙТИНГІСІН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Бақылау түрі	Апта						1-рейтинг қорытындысы	Апта						2-рейтинг қорытындысы	15	
		1	2	3	4	5	6		8	9	10	11	12	13			14
1	Сабаққа қатысым	*	*	*	*	*	*	7	*	*	*	*	*	*	*	8	*
2	Дәрістерді конспектілеу			*		*		5					*		*	5	
3	СӨЖ тапсырмаларының орындалуы		*	*	*	*	*	30			*	*	*	*	*	30	
4	ОСӨЖ тапсырмаларының орындалуы	*	*	*	*	*		30			*	*	*	*	*	30	
5	Аралық бақылау тапсырмаларының орындалуы							20								20	
6	Тапсырманың басқа түрлері			*			*	8					*		*	7	
	Қорытынды							100								100	
	Қорытынды бағадан алған үлесі							30%								30%	

Пән бойынша қорытынды бақылау пайыздық мазмұнда мына формула бойынша анықталады:

$$P1 = \frac{P1 + P2 + E}{2}$$

- Мұндағы: P1 – 1-рейтинг бағасының пайызы, P2 – 2-рейтинг бағасының пайызы, E – емтихан бағасының пайызы
- рейтингтік бақылау – 40%
  - емтихан - 60%

**Студенттердің білімін бағалау критерийлері:** студент дәріс сабақтарына, ОСӨЖ сабақтарына толық қатысып, ОСӨЖ және СӨЖ бойынша барлық тапсырмаларды орындаған жағдайда ең жоғары балл; тапсырманы орындаудағы шығармашылығы үшін көтермелеу балын, толық орындалмаған жазба жұмыстары, тапсырмалардың орындалмауы, босатқан сабақтары, тапсырмаларды белгіленген мерзімде тапсырмағандары үшін айып балдарын алуы мүмкін.

**Пәннің бақылау түрлері:** ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бақылау. Бақылау құралдары: сабаққа қатысу, бақылау жұмысы, сұрақ-жауап, реферат.

**Білімді бағалаудың жалпы көрсеткіші**

Әріптік баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пәнді меңгерудің пайыздық мазмұны	Дәстүрлі баға
A	4,0	95-100	үздік
A <sup>-</sup>	3,67	90-94	
B <sup>+</sup>	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B <sup>-</sup>	2,67	75-79	
C <sup>+</sup>	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C <sup>-</sup>	1,67	60-64	
D <sup>+</sup>	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

**Академиялық тәртіп саясаты:** курс саясаты мынадай талаптарды қамтиды:

- сабақты босатпау
- сабаққа кеш қалмау
- оқу үрдісіне белсенді араласу
- ұқыптылық, міндеттілік
- өздік жұмыстарының орындалуы
- топпен жұмыс істеу және пікір-таластарға қатысу
- шыдамдылық, ақжарқындылық, ашықтық

### Тест сұрақтары

**1. Төмендегі сараптамалардың қайсысын криминалистикалық зерттеулер тобына жатқызуға болмайды?**

- A) портреттік
- B) қолтаңба танушылық
- C) автотехникалық
- D) баллистикалық
- E) трасологиялық

**2. Сараптамаларды біртектес және кешенді деп жіктеуге негіз болып не жүреді:**

- A) қолданылатын білім мөлшері
- B) сарапшылар саны
- C) жүргізу реті
- D) жүргізу орны
- E) зерттеу көлемі

**3. Қорытындысы жекілікті дәрежеде анық болмай немесе қойылған толық шешілмеген жағдайда сараптаманың қай түрі тағайындалады:**

- A) қайталама
- B) негізгі
- C) қосымша
- D) комиссиялық
- E) кешенді

**4. Сот сараптамасы органдары:**

- A) барлық жауап дұрыс
- B) сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген
- C) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен
- D) мемлекеттік органдар
- E) барлық жауап дұрыс емес

**5. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар:**

- A) барлық жауаптар дұрыс
- B) ҚР Әділет Министрлігі және оның аймақтық бөлімшелерінің қызметкерлеріне
- C) ҚР ПМ-нің жедел криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлеріне
- D) ҚР заңнамасымен қылмыстық қудалау функциялары жүктелген мемлекеттік органдар бөлімшелерінің қызметкерлеріне
- E) ҚР ҰҚК-нің жедел криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлеріне

**6. Сарапшы іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды:**

- A) егер ол жеке, тікелей немесе жанама осы іске мүдделі деп санауға негіз беретін мән-жайлар анықталса
- B) егерде ол сараптама жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем алғысы келсе
- C) егер ол іс үшін маңызы бар және өз бастамашылығымен анықталған өзге де мән-жайлар бойынша да қорытынды берсе
- D) егер ол қылмыстық істің сараптама жүргізуге қатысты материалдарымен танысам десе
- E) егер ол өзіне қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды беру туралы өтініш білдірсе

**7. Баллистикалық сараптама жүргізу үшін сарапшыға қандай объектілер ұсыну қажет?**

- A) тапанша, гильза, тығын (пыж)
- B) пышақ, найза, қанжар
- C) сындыру құралы, құлып, пломба
- D) қол, тырнақ, шиналардың іздері
- E) бастырма, қағаз, картон

**8. Фактілер арасындағы себептік байланысын, іс-қимылдар жағдайын, объектінің шығу тегі мен қалыбын анықтап-зерттеу сараптамалық міндеттерді шешудің қандай деңгейіне жатады?**

- A) жағдайлық (ситуациондық)
- B) жіктелімелік (классификациондық)
- C) диагностикалық
- D) идентификациялық
- E) барлық жауаптар дұрыс

**9. Жіктелімелік (классификациондық) зерттеулер не мақсатпен жүргізіледі:**

- A) объектінің белгілі бір топқа, түрге, класына жататындығын анықтау үшін
- B) кескін бойынша нақты жеке объектіні анықтау үшін
- C) объектінің қасиеті мен қалыбын анықтау үшін
- D) фактілер арасындағы себептік байланысты анықтау үшін
- E) іс-қимылдар жағдайын анықтау үшін

**10. Сот сараптамасының арнайы әдістеріне не жатады:**

- A) физикалық
- B) математикалық
- C) бақылау
- D) салыстыру
- E) эксперимент

**11. Төмендегі сараптамалардың қайсысын криминалистикалық зерттеулер тобына жатқызуға болмайды?**

- A) ботаникалық
- B) трасологиялық
- C) қолтаңба танушылық
- D) фоноскопиялық
- E) баллистикалық

**12. Сараптамаларды негізгі және қосымша деп жіктеуге негіз болып не жүреді:**

- A) зерттеу көлемі
- B) жүргізу реті қолданылатын білім мөлшері
- C) жүргізу орны

D) арнаулы білім салаларының сипатына қарай

E) зерттеушілер саны мен құрамына қарай

**13. Қорытындысы жеткілікті негізделмеген немесе оның дұрыстығы күмән тудырған жағдайда сараптаманың қай түрі тағайындалады:**

A) қайталама

B) қосымша

C) кешенді

D) негізгі

E) біртектес

**14. Сарапшы іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды:**

A) егер ол анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, судьяға, айыпталушыға, олардың қорғаушыларына, заңды өкілдеріне, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне қызметтік немесе өзге де байланыста болса немесе болып отырса

B) егер ол өзінің әрекеті мен жауаптарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасауды талап етсе

C) егер ол қорытындыда іс үшін маңызы бар және өз бастамашылығымен анықталған өзге де мән-жайларды көрсетуді талап етсе

D) егер ол өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақ бергісі келсе

E) егерде ол сараптама жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем алғысы келсе

**15. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар:**

A) лицензияның негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратындар

B) заңмен белгіленген тәртіпте іс-әрекет қабілеті шектеулі және іс-әрекетке қабілетсіз деп танылғандар

C) бұрын сотталғандар

D) сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға байланысты лауазымнан келеңсіз себептер бойынша босатылғандар

E) қайталама сараптама тағайындаған кезде алғашқы сараптаманы жүргізген қызметкерлеріне